

Қ.А. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІ БӨЛІМІ

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

№1 хаттамасы

06.10.2025 ж.

Кентау қаласы

Қатысқандар:

Бөлім басшы Мырзаханова Ақбота Құлмаханқызы, ОПҚ және ТД-2, ТР-2 топ тыңдаушылары

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбие жоспары бойынша «ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА» тақырыбында ұстаздар күні мерекесіне орай концерттік бағдарлама ұйымдастыру;
2. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйретумен қатар ата-ана мен ұстазға құрметпен қарау, алғыс айту мәдениетін қалыптастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы Мырзаханова Ақбота Құлмаханқызы: Ұстаздар мерекесіне орай өткізілген ашық тәрбие сағатында Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйрету бағыты аясында тыңдаушылардың сөздік қорын молайту және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өткенін атап айтты.

Аға тәлімгер Жұматаева Сәуле: Бұл іс-шара концерт түрінде ұйымдастырылғанын, онда тыңдаушылар ұстаз еңбегіне арналған өлеңдер оқып, әндер айтып, сахналық көріністер көрсетті. Сондай-ақ, іс-шара барысында Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдерінің татулығы мен достығы көрінісі екендігін айқындады.

Ашық тәрбие сағатының соңында қатысқан оқытушылар өз жылы лебіздерін білдіріп, тыңдаушылардың еңбегіне оң баға берді.


Нәтижесінде:

Тыңдаушылардың дайындығы жоғары деңгейде өтті. Іс-шара олардың ұстаз еңбегіне құрметпен қарау, алғыс айту және өзара достық қарым-қатынасты нығайту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, тыңдаушылардың қазақ тілінде еркін сөйлесу, өз ойын көркем жеткізу қабілеттері дамып, концерт арқылы тілдік және мәдени тәжірибелері артты.

Қазақ, орыс тілдері бөлім басшысы:  А. Мырзаханова

Аға тәлімгер:



С. Жұматаева

Тәлімгер:



Е. Төлежанов



